**Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы.**

Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессия аралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

М.ӘУЕЗОВ атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Үш тілде білім беру» бағдарламасы қолдай отырып топтар құрылып, үш тілде сабақтар өткізіліп жатыр.

Жаңа жағдайда жаңғыруға

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - БӘСЕКЕЛІК ҚАБІЛЕТ

Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.

деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

**Мереке КЕНЖЕХАНОВА,**
*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Механика және мұнай газ ісі факультеті», "Стандарттау және сертификаттау" кафедрасының магистр аға оқытушысы,*
**Ботакөз ҚАЛДЫБАЕВА,**
*доцент, PhD докторы.*